

**«Бекітемін»:**   
**МҚКК «Балапан» мектепке**  
**дейінгі ұйым меңгерушісі**  
**Абдиганова А.К**



**«Балбөбек» ортаңғы тобының**  
**Қазақ тілі ҰІӘ – не арналған**  
**Перспективалық жоспары**  
**2023-2024 оқу жылы**

**Тәрбиешілер: Калмагамбетова Л.А**  
**Ерназарова А.К**

**Аралтоғай ауылы**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023 – 2024 оқу жылына арналған Қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеті бойынша перспективалық жоспар**

**Білім беру ұйымы:** МКҚК «Балапан» МДҰ

**Топ:** «Балбөбек» ортаңғы тобы

**Балалардың жасы:** 3 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2023-2024 оқу жылы

Айы	ҮІӘ күні	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түсуіне жағдай жасау.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тіліндегі берілген сөздерді ынта қойып, мұқият тындауға және ол сөздерді бірнеше рет айту арқылы есте сақтауға, дұрыс айтуға үйрету. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ә»</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас») дұрыс айтуға баулу. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Жуан және жіңішке түбір сөздерді ажырату.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрлерін меңгерту.</p>
Қазан		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Сәлемдесуде өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу, тәрбиелеу.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ә, Ө»</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу.</p>
		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді</p>



		<p>жекеше және көпше түрде қолдануға үйрету.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Балалардың өздеріне айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>
<b>Қараша</b>		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Бірлескен әрекеттері туралы келісуге, ортақ тақырыпта әңгімелесуге үйрету.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауға, оларды дұрыс айтуға және есте сақтауға үйретуді жалғастыру. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ө»  <b>Сөздік қор.</b> Кейбір жемістердің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Әңгіме барысында бұйрық райлы етістіктерді қолдануға үйрету (бар, кел, айт).  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Алдын ала үйретілген сөйлеу үлгілерін есте сақтауға үйрету.</p>
<b>Желтоқсан</b>		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> сұрақтарға жауап беруге, өз бетінше кітаптарды қарауға үйрету.  <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліндегі ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету: «Ө, Қ»  <b>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты дамыту</b> жөніндегі жұмысты жалғастыру.  <b>Сөздік қор.</b> Кейбір тұрмыстық заттардың атауларын айту және түсіну дағдысын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу.  <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету.  <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ауызекі сөйлеудің қарапайым түрі – әңгімелесуге баулу.</p>

Қаңтар		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Қаралған шығармалардан өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге үйрету.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Қ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Жануарлардың және олардың төлдерінің атауларын дұрыс айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар, тақпақтарды жаттауға баулуды жалғастыру.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Күнделікті сөйлеуді дамыту (зат есім).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Әңгіме барысында айтылған сөзді, пікірді түсінуін қалыптастыру.</p>
Ақпан		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың бір-бірімен күнделікті еркін ойында дербес әрекеттерде, ауызекі сөйлеуге жағдай жасау.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Қ, Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Төрт түлік атауларын айту және түсінік дағдыларын қалыптастыру. Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөйлеуге қалыптастыруды жалғастыру. Күнделікті сөйлеуді дамыту (етістік).</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p>
Наурыз		<p><b>Тілдік дамытушы орта.</b> Құрдастарымен қарым-қатынас барысында сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға үйрету.</p> <p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру.</p> <p><b>Сөздік қор.</b> Өтініші бойынша қарапайым іс-әрекеттерді (бер, алып кел, ал) орындау, заттардың белгілерін түсіну. Баланың сөздік қорын дамытуда, санамақтар, тақпақтарды жаттауға баулу.</p>
		<p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөз тіркестерін түсіну қабілетіне үйрету (зат есім және</p>



		етістік). <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ойыншықтар мен заттарды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.
<b>Сәуір</b>		<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Құрдастарының есімін толық, дұрыс атауға баулу. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тілінің ерекше дыбысы «Ү, Ұ» дыбысын дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру. <b>Сөздік қор.</b> Заттардың белгілерін (түсін, ақ, қара, көк, қызыл, сары, жасыл) және сын есім мен зат есімнің қатар айтылу қабілетіне үйрету. Баланың сөздік қорын дамытуда қысқа санамақтар, тақпақтар, жаңылтпаштарды жаттауға баулу. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға үйрету (сын есім). <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап беруге үйрету.
<b>Мамыр</b>		<b>Тілдік дамытушы орта.</b> Балалардың ересектермен және құрдастарымен еркін қарым-қатынасқа түсуіне жағдай жасау. <b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Қазақ тілінің ерекше «Ұ» дыбысын өздігінен дұрыс айтуға үйрету. Артикуляциялық аппаратты дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру. <b>Сөздік қор.</b> Адамның дене мүшелеріне қатысты (Дене, бет, бас, көз, мұрын, қол, аяқ) сөздерді үйрету. Баланың сөздік қорын дамытуда шағын санамақтар, тақпақтар жаттауға баулу. <b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Берілген сөз тіркестерін түсінуге және сөздерді байланыстырып құрастыруға дағдыландыру (зат есім және сын есім). <b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша өздігінен қайталап айтуға баулу.